

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Мукушева Құралайдың философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған **«XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және "Дала" концепті»** атты диссертациясына  
**Отандық кеңесші**  
**ШКІРІ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінің «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Мукушева Құралайдың философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған **«XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және "Дала" концепті»** атты диссертациясы XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзінің рухани-мәдени, тарихи-ғылыми құндылықтарын сараптауға бағытталған.

XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзін ұлттық дүниетаным көзқарастары мен қазақтың тілдік санасындағы «Дала» лингвомәдени тұжырымдамалық негізінде кешенді тұрғыда тереңдете зерттеу – журналистика ғылымы саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі. Осыған дейін зерттелген ұлттық көсемсөз үлгілерін ғылымның бүгінгі жетістігі, тәуелсіздік заманы тудырған мүмкіндіктер биігінен қайта зерделеу, көсемсөз жанры мысалында қазақ халқының жалпы дүниетанымы мен эстетикалық көзқарастарын «Дала» концептісі негізінде дамығанын айқындау, XX ғасыр басындағы ұлттық көсемсөз үлгілерінің өзіндік ерекшеліктерін толық ашып көрсету жұмыстың басты міндеттері десек, бұл еңбек қазақ көсемсөзін әлеуметтік талдау тұрғысынан жан-жақты қарастырып, мазмұн мен түр бірлігін тұтас, «Дала» концептісімен диалектикалық тығыз байланыста саралаған алғашқы тыңғылықты зерттеу деп айтуға болады. Диссертация ұлттық журналистика ғылымындағы тың тақырыпқа жазылғандығымен құнды. Ізденуші өз еңбегінің зерттеу нысаны ретінде XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі жанрын дамытуда шеберлік танытқан Алаш сөз зергерлерінің тақырыпқа қатысты туындыларын дәл таңдап алып, диссертация тақырыбы мақсат еткен проблеманың осы көсемсөз шығармаларында шешілу деңгейін жан-жақты саралаған, ірі көсемсөз шеберлерінің өз туындыларында ұлттық дүниетаным мен «Дала» концептісіне қатысты пайымдауларындағы эволюциялық сипаттарға талдау жасап, ұлттық болмыс ерекшеліктерін зерделеген. Сонымен бірге диссертацияда мысалға алынған көсемсөз туындыларының «Дала» концептісі ұғымына байланысты тілдік бірліктер мен семантикалық ерекшеліктеріне жіті назар аударылып, Алаш көсемсөзі өкілдерінің шығармаларындағы көркемдік-эстетикалық ізденістер ашып көрсетілген. Автордың ғылыми пайымдауы мен диссертация нысаны бойынша көтерілген мәселені дәл тани біліп шешуі, тақырып ауқымындағы көсемсөз мәтіндерін топтастыруы, зерттеуде келтірілген көсемсөз туындыларын меңгеру деңгейі,

тарихи және көсемсөз материалдарын салыстырмалы талдауы, деректерді тұжырымдап баға беруі, зерттеу нысанына алынған туындыларды лексикалық-семантикалық, этно-әлеуметтік, когнитивтік негізде саралап қарастыруы ойдағыдай шыққан.

Диссертант Қ. Мукушева осы зерттеу жұмысы арқылы Алаш аспанының астында дүниеге келген ұлттық-демократиялық, саяси-қоғамдық басылымдардағы қазақ көсемсөзінің дүниетанымдық ерекшеліктерін ашуға тырысқан. Қазақ көсемсөз үлгілерін дамытқан публицистердің идеялары мен жалпы рухани-мәдени құндылықтарды дамытудағы қоғамдық белсенділігін газет-журнал беттеріндегі көсемсөз дүниелеріндегі тілдік көркемдік жағынан қарастырады.

XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің мақсаты – қоғамның рухани құндылықтарын сақтап қалу болды. Қоғамды ағартушылыққа бағыттап, ұлттық сананың оянуына ықпал еткен қазақ зиялыларының басты арманы – ұлтының тәуелсіздікке қол жеткізуі болды.

Ғылыми жұмыстың бірінші тарауында қазақ дүниетанымындағы рухани-этнологиялық, әдеби-мәдени мұралар зерттелген. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы «Дала» концепті ұғымы теориялық-лингвистикалық жағынан талдауларға себеп болған. Ұлттық-мәдени құндылықтардың дамуына ерекше әсер еткен «Дала» лингвомәдени концептісі бірнеше ғылыми-танымдық туындылар арқылы ғылыми сараптамадан өткен. Соның нәтижесінде бірнеше тұжырымдар жасалып, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқындалған. Тақырыпқа қатысты кешенді талдауларға ұласқан «Дала» концептісін құрайтын мазмұндық компоненттердің ашылуы диссертацияның тақырыбының өзектілігін арттыра түседі. Ғылыми жұмыста «Дала» концептінің семантикасына байланысты іріктеп алынған тілдік бірліктердің ғылыми-теориялық әдістемелігі құрастырылған. «Дала» концептісін қазақ көсемсөзі негізінде сұрыптап, гуманистік-этикалық, көркем-публицистикалық рухани-әлеуметтік, дүниетанымдық қасиеттердің алаш қайраткерлерінің еңбектерімен байланыстыра отырып, зерттеп шыққандығы байқалады.

Жалпы қазақ көсемсөзі туралы ғылыми зерттеу еңбектер өте көп. Осы уақытқа дейін қыруар еңбектердің атқарылғандығы да белгілі. Бірақ ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға негіз болған публицистикалық туындылардың жаңа қырынан зерттелуі орынды болмақ. Осы ретте диссертант

Қ. Мукушеваның жаңа үдерістерге байланысты жасаған ғылыми тұжырымдары қазіргі Қазақстанның тарихи кезеңдерін бағалауға көмегін тигізері сөзсіз.

Әсіресе, «Дала» концепті туралы зерттеулер ғылыми жұмыстың маңызын ажарландыра түседі. Жалпы ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарды орындаған, аяқталған жұмыс болып табылады. Жұмыстың кейбір кемшілік тұстары да кездеседі. Грамматикалық және пунктуациялық қателердің кездесіп қалуы байқалады. Ондай кемшіліктер ғылыми жұмыстың құндылығын түсірмейді.

Ғылыми жұмыста көшпелілер түсінігіндегі Дала жай ғана қоршаған орта емес, ол – тірі, жанды бейне ретінде түсіндіріледі. Көшпелі өзін сол Жер – Ананың перзентімін, «Ұлы дала ұрпағымын» деп таныған. «Туған жер топырағынан жаралдым» деген сөз де туған жерді қорғау, өзен-суды, арынды, өз өміріңді қорғау деген мағынаны білдіреді.

Жалпы зерттеу жұмысында диссертант Қ. Мукушева ХХ ғасырдағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетанымның «Дала» концептімен рухани сабақтастығын сөз етіп, оның қазақ публицистикасындағы орны мен рөлін дәл айқындаған. Жер, Дала, Атамекен ұғымдары қазақ мәдениетінің дүниетанымдық құндылықтарын айқындайтын концептілер болып табылады.

Жалпы, диссертант ғылыми жұмыстың тақырыбының өзектілігін ашуға тырысқан. Тиянақты еңбектің арқасында мақсаты мен міндеттері орындалып, тақырыпқа қатысты көп деректер ашылған. Диссертацияда ХХ ғасыр басындағы баспасөз беттерінде жарияланған материалдарға көп орын берілген. Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығын жоғары бағалай отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Мукушева Құралайдың «ХХ ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі: ұлттық дүниетаным және "Дала" концепті» атты диссертациясына философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық кеңесші, филология  
ғылымдарының докторы, профессор

Ш. Нұрғожина

РАСТАЙМЫН  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар  
даярлау және аттестаттау басқармасының  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.

